

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасының тізіміндегі жеке санаттарға қойылатын талаптар туралы" 2004 жылғы 15 наурыздағы N 63 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 63 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 28 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4142. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 200703.30. N 73 қаулысымен

*Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.03.30. N 73 қаулысымен.*

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 89-бабының 1-тармағына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасының тізіміндегі жеке санаттарға қойылатын талаптар туралы" 2004 жылғы 15 наурыздағы N 63 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2803 тіркелген) Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 246 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3122 тіркелген), 2004 жылғы 27 қарашадағы N 336 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3330 тіркелген), 2005 жылғы 26 наурыздағы N 106 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3569 тіркелген), 2005 жылғы 28 мамырдағы N 163 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3697 тіркелген), 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 355 қаулылармен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3919 тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

9-тармақтағы "13-тармағында" деген сөздер "13 және 13-1-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын";

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Қазақстан Республикасы резидент емес ұйымдарының листингтің ең жоғары санаты бойынша қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және сол тізімдегі акциялары мынадай листингтік талаптарға сәйкес келеді:

1) листингтің ең жоғары санаты бойынша ресми тізімге мынадай биржалардың бірімен енгізілген:

N A S D A Q  
N Y S E  
D e u t s c h e B o e r s e  
E u r o n e x t  
L o n d o n S t o c k E x c h a n g e  
T o k y o S t o c k E x c h a n g e  
B M E S p a n i s h E x c h a n g e s  
B o r s a I t a l i a n a  
S W X S w i s s E x c h a n g e  
T a i w a n S t o c k E x c h a n g e C o r p ;

2) аталған биржаның біріндегі негізгі сауда алаңында айналыста болады."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Сауда-саттықты ұйымдастырушы осы қаулыны алған күннен бастап он төрт күн ішінде өзінің ішкі құжаттарын осы қаулының талаптарына сәйкес келтірсін.

4. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, сауда-саттықты ұйымдастырушыға жіберсін.

5. Агенттіктің халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК